

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН



ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ


1924 жылғы 26 қарашадан шыға бастады

WWW.OKG.KZ • okgazeti@gmail.com

№10 (21780) ЖҰМА, 6 ақпан, 2026 жыл



Сіз жатқа оқуға тиіс бір өлең...



Ermai АШЫҚБАЕВ

АЛМАТЫ – АҚТӨБЕ

(Курстастарға)

Сол көткеннен, өйтеуір, шешпедім бел,
Көп сортақты біледі көшкенімді ел,
Білгенім келсе жел боп ескенімді ел,
Енді сәл дес беріңдер.

...Алматыны... сол жылы... бұл менен де...
Алып қалып өдіңдер... не істедіңдер?..
Күндіз кімдер жүреді біздей қалқып,
Біздей балқып жүреді кешке кімдер?
...Маң-маң басқан өнеу бір кербездердің
Көкейлерін неліктен төспедіңдер?
...Альбомда қандай сурет сақталыпты,
Түседі оңашада еске кімдер?

Мына жақта жүрегім жүз ұлыды,
Алматының тәтті өді... Күзі... Мұңы...
Көп өді аңқау аға, қызық іні,
Әрине, көркем өді... Қызы... Гүлі...
Алматының сол сөнін тартып алған —
Өмір деген ақылсыз бұзық ұры.
Солай ма, құрметті М.Талдыбаев,
Солай ма, қадірлі М.Ізімұлы?!

Ашылмайды, өйтеуір, күн қабағы,
Бұлақ бастан осылай былғанады,
Осылайша дүлділ күн ұрланады.
Біз көрмеген біреулер төпсінеді,
Біз көрмеген біреулер бұлданады.

...Біздер көзген бақтарға кім барады?
Алматының мөл-мөлдір жылғалары
Жүрген жоқ па шілдеде құрғағалы?
Құм астында көміліп жатыр ма өкен
Біздің шашпа қыздардың сырғалары?
...Сол көткенде... сол жылы... бұл менен де...
Алып қалып өдіңдер бұл қаланы...

Мұңайғаным болмаса күзде кей күн,
Мен сендерді аса көп іздемеймін.
Бір бөрікке сыймайтын бір басымда
Кесірілі бар, сіре, жүз көдейдің,
...Ақтөбенің шаттығын үзбегей күн.
Мынау Күләй ханымның мойнындағы
Жоғалмайтын ақ моншақ тізбедейімін.
...Сондағы... алып қалған Алматыңыз...
Қайырлы бола берсін Сізге деймін.

Халықаралық қоғамдастық

«Пәкістан – Қазақстанның маңызды әрі сенімді серіктесі»

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Пәкістанға мемлекеттік сапармен барды. Мемлекет басшысын Исламабад әуежайында Пәкістан президенті Асиф Али Зардари мен премьер-министр Шахбаз Шариф қарсы алды.

«Екі күндік мемлекеттік сапар барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен премьер-министр Шахбаз Шариф алдымен шағын құрамда келіссөз жүргізді. Тараптар соңғы жылдары Қазақстан мен Пәкістан арасында көп жоспарлы ынтымақтастық қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті» деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

Сондай-ақ, саяси, сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық ықпалдастықты нығайтудың перспективті бағыттары талқыланды.

Кездесу барысында сауда, көлік-логистика, энергетика, ауыл шаруашылығы, цифрландыру, ғарыш және қаржы салаларындағы қарым-қатынасты тереңдету мәселесіне баса назар аударылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шахбаз Шарифтің келіссөздері екі ел делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда жалғасты. Президент Исламабадқа келіп, Пәкістанның бай тарихымен, мәдени мұрасымен және ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлерімен



танысуды зор мәртебе санайтынын атап өтті.

– Қазақстан Президенті ретінде Пәкістанға бірінші рет мемлекеттік сапармен келіп отырмын. Бұл сапар тарихи мәнге ие және уақыт тәзінен өткен серіктестігіміздің маңызды кезеңі саналады. Мен бұған сенімдімін. Халықтарымыздың Жібек жолы арқылы және кең таралған ислам өркениеті аясында ғасырлар бойы қалыптасқан достығын жоғары бағалаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Пәкістан премьер-министрі Шахбаз Шарифтің айтуынша, Пәкістан мен Қазақстанның сауда-экономикалық ынтымақтастықты, соның ішінде энергетика, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік, цифрландыру сала-

ларындағы серіктестікті дамытуда әлеуеті жеткілікті.

– Елімізге арнайы уақыт тауып көлгеніңіз үшін Сізге алғыс айтамыз. Пәкістан халқымен, үкіметімен бірге Сізді қарсы алғанымға қуаныштымын. Қазақстан – біздің стратегиялық серіктесіміз. Достығымызды нығайтып, экономиканың түрлі бағыттарында, саясат, қорғаныс салаларында сенімді серіктестік орнату, сондай-ақ сауда дәліздерін қалыптастыру мақсатында Қазақстан Үкіметімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істегіміз келеді, – деді премьер-министр.

Кездесуде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен премьер-министр Шахбаз Шариф Қазақстан Респуб-

ликасы мен Пәкістан Ислам Республикасы арасында стратегиялық серіктестік орнату туралы бірлескен декларацияға қол қойды.

Содан соң Мемлекет басшысы екі ел арасындағы келіссөздердің қорытындысы бойынша БАҚ өкілдерінің алдында сөз сөйлеп, Пәкістанға мемлекеттік сапармен келуге шақырғаны үшін премьер-министр Шахбаз Шарифке алғыс айтып, қазақ делегациясын қонақжайлылықпен қарсы алған Пәкістан халқына ризашылығын білдірді.

Мемлекеттік сапар аясында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шахбаз Шариф Қазақстан–Пәкістан бизнес форумына қатысты. Қазақстан Президенті екі ел арасындағы серіктестік жаңа кезеңге қадам басқанын және экономикада екі жақты күн тәртібінің барлық саласын қамтитын байланысты тереңдетуге мол мүмкіндік бар екенін атап өтті. Жалпы құны 200 млн. долларға жуық 30-дан аса келісімге қол қойылды.

Сол күні Исламабадта өткен салтанатты іс-шарада Пәкістан президенті Асиф Али Зардари мен премьер-министрі Шахбаз Шариф Мемлекет басшысын Nishan-e-Pakistan орденімен марапаттады. Жиынға Пәкістанның үкімет мүшелері, Парламент депутаты, Қарулы күштерінің жоғары басшылық құрамы және дипломатиялық корпус өкілдері қатысты.

Үкімет

«Таза Қазақстан»: отаншылдықты жасампаз іспен көрсету керек

Премьер-министр Олжас Бектенов Президенттің «Таза Қазақстан» бастамасын жүзеге асыру барысына мониторинг жүргізу орталығының отырысын өткізді. Онда қоршаған ортаны қорғау және халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда цифрлық технологиялар қолдану мәселелері қаралды.



Премьер-министр жоғары экологиялық мәдениет қалыптастыру мен табиғатқа жанашырлықпен қарау жаңа Конституция жобасының түбегейлі принциптері қатарына енгізілуінің маңыздылығын атап өтті.

– Отаншылдықты жасампаз іспен көрсету, жоғары экологиялық мәдениетті қалыптастыру жаңа Конституция жобасының түбегейлі принциптері қатарына енгізілгенін ерекше атап өткім келеді. Бұл табиғатқа, туған елге деген жанашырлықты күшейтуге, әрбір азаматтың бойында тазалық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді, – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Экология және табиғи ресурстар министрлігінің деректеріне сәйкес, Президенттің «Таза Қазақстан» бастамасы аясында барлығы 1 294 іс-шара өткізіліп, 844 мың тонна қоқыс шығарылған, 1 млн. гектар жер тазартылып, 2,9 млн. түп ағаш отырғызылған. Аталған іс-шараларға 6,9 млн. адам қатысты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясында қоршаған ортаны қорғауда цифрлық технологияларды қолдануға ерекше назар аударылды. Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев «Қоршаған орта және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» жобасы жүзеге асырылғанын баяндады. Онлайн-платформа эмиссияларға мониторинг жүргізу, өндірістік экологиялық бақылау, қалдықтардың мемлекеттік кадастры, көміртегі кадастры сияқты бірқатар жүйелер көрсеткішін жинақтайды.

Сондай-ақ, отырыс барысында халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың нәтижелері қаралды. Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова «Таза Қазақстан» құндылығына баса назар аудару отырып, мектептерден бастап жоғары оқу орындарына дейінгі барлық деңгейлер үшін экологиялық ағартудың бірыңғай стандартын әзірлеудің басталғаны туралы баяндады. Өңірлерде «Жасыл ел» бағдарламасы, «Жасыл клубтар» жобасымен қатар мектеп ішіндегі және мектептен тыс форматтар дамуда.

Ғылым және жоғары білім вице-министрі Гүлзат Көбенова қазіргі уақытта барлық жоғары оқу орындарында экологиялық клубтар, студенттік экожасқақтар құрылып, «Велосипед күні» өткізіліп жатқанын баяндады. Қоқыстарды бөлек жинау жобасы аясында 26 университетте бокстар мен би-бәттер орнатылған.

Бүгінгі сәтте

Отандық өнімдер неге қымбат?



5-бет

Рыбакина қазақстандық



8-бет

Түркістан облыстық мәслихаты төрағасының 2026 жылғы 2 ақпандағы №1-Ш шешімі Сегізінші шақырылымдағы Түркістан облыстық мәслихатының кезекті жиырма бірінші сессиясын шақыру туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 10-бабы 2-тармағына сәйкес 2026 жылғы 18 ақпанда сағат 17:00-де Түркістан қаласында сегізінші

шақырылымдағы Түркістан облыстық мәслихатының кезекті жиырма бірінші сессиясы шақырылсын.

Облыстық мәслихат төрағасы

Н.ӘБІШОВ.

Түркістан облыстық мәслихатының депутаттары мен облыс халқының назарына

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес Сіздердің назарларыңызға сегізінші шақырылымдағы Түркістан облыстық мәслихатының кезекті жиырма бірінші сессиясының 2026 жылғы 18 ақпанда сағат 17:00-де облыс әкімдігінің ғимаратында өтетіндігін жеткізімін, мекен-жайы: Түркістан қаласы, Жаңа қала шағын ауданы, 32 көше, 18 ғимарат (1-қабаттағы мәжіліс залы).

Депутаттар мен шақырылғандарды тіркеу 2026 жылғы 18 ақпанда сағат 16:00-ден бастап зал фойесінде жүргізіледі.

Сессия қарауына енгізілетін мәселелер:

1. Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының басқармаға жүктелген міндеттер мен функциялардың атқарылуы жөніндегі есебі;
2. Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасы басшысының басқармаға жүктелген міндеттер мен функциялардың атқарылуы жөніндегі есебі;
3. Түркістан облысының жер қатынастары басқармасы басшысының басқармаға жүктелген міндеттер мен функциялардың атқарылуы жөніндегі есебі;

4. Түркістан облысының мемлекеттік сәулет – құрылыс бақылауы басқармасы басшысының басқармаға жүктелген міндеттер мен функциялардың атқарылуы жөніндегі есебі;
5. «Түркістан облысын басқару схемасы туралы» Түркістан облыстық мәслихатының 2022 жылғы 13 желтоқсандағы №19/235-VII шешіміне толықтыру енгізу туралы;

6. «Түркістан облысы әкімдігі жанындағы құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомстворалық комиссияның дербес құрамы туралы» Түркістан облыстық мәслихатының 2018 жылғы 28 қыркүйектегі №30/331-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы;

7. «Түркістан облысы әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссияның дербес құрамын бекіту туралы» Түркістан облыстық мәслихатының 2025 жылғы 28 қарашадағы №19/263-VIII шешіміне өзгерістер енгізу туралы;

8. Облыс әкімдігінің жергілікті мемлекеттік-жөкеулік әріптестік жобаларының іске асырылу барысы жөніндегі есебі;
9. Түркістан облысындағы кеден бекеттерінің жұмыстары және облыстық мемлекеттік кірістер департаментінің

өзекті мәселелері туралы «Түркістан облыстық мәслихатының 2025 жылғы 19 ақпандағы 15/206-VIII шешімінің орындалуы туралы»;

10. Түркістан облысы Түркістан қаласы әкімінің 2025 жылы қалаға республикалық, облыстық бюджеттен бөлінген қаржылар туралы мәліметі;

11. Түркістан облысы Мақтаарал ауданы әкімінің 2025 жылы ауданға республикалық, облыстық бюджеттен бөлінген қаржылар туралы мәліметі;

12. Түркістан облыстық мәслихаты төрағасының облыстық мәслихат қызметін ұйымдастыру, депутаттардың сауалдары мен сайлаушылардың өтініштері бойынша 2025 жылы атқарылған жұмыстар және облыстық мәслихат аппаратының қызметі жөніндегі есебі;

13. Түркістан облыстық мәслихаты тұрақты комиссияларының 2025 жылы атқарған қызметі жөніндегі есептері.

Сессия қарауына келіп түсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

Облыстық мәслихат төрағасы

Н.ӘБІШОВ.